

"Концессияға беруге жатпайтын объектілердің тізбесі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 5 наурыздағы № 294 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 28 маусымдағы № 348 Жарлығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 14 қарашадағы № 583 Жарлығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі)

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Президентінің 14.11.2017 № 583 Жарлығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының
Президенті мен Үкіметі актілерінің
жинағында жариялануға тиіс

ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. "Концессияға беруге жатпайтын объектілердің тізбесі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 5 наурыздағы

№ 294 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2007 ж.,

№ 7, 80-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген концессияға беруге жатпайтын объектілердің тізбесінде:

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Қан қызметі, АИТВ/ЖИТС профилактикасы, апаттар медицинасын ұйымдастыру саласындағы қызметті жүзеге асыратын денсаулық сақтау ұйымдары.";

7 және 8-тармақтар алып тасталсын.

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Н.Назарбаев